

**ЖШС «Global Education» мектебінің
Қамқоршылық кеңесінің
ІІІ- отырысының хаттамасы**

Мерзімі: Наурыз

Қатысқандар: 11 адам

Күн тәртібі

1. Наурыз мерекесін ұйымдастыру
2. Істік тамақ мәселесі
3. Оқушылардың салауатты өмір салтын қалыптастыру бойынша жұмысты ұйымдастыру .

Тындалды.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп директоры

Есиркепова Г.Д. сөз алды: 19-наурыз күні "Наурыз мейрамы"

ұйымдастырылып, мерекелік іс-шара тойланды. Наурыз айының 18 күні бастауыш және негізгі орта сыныптар, соның ішінде 1-9-сыныптар арасында мектебіміздің мұғалімдер мен оқушылар арасында мерекелік іс-шара өткізілді.

Қазағымыздың жаңа жылы, күн мен түн теңелген күнінде мектебімізде, яғни Наурыз мерекесінде сыныптар дастархан жайып, үстелге қазақтың ұлттық тағамдары қойылды. Атап шығатын болсақ, бауырсақ, көже, самса, айран тағы да басқа тағамдар қойылды. Мерекеге ата-аналар да қатысып, мерекелік концертті тамашалады. Оқушылар қазақтың ұлттық ойындарын үлкен қызығушылықпен ойнап, жүлделі орындарға да ие болды. Сонымен қатар мерекеге жақсы қатысқан оқушылар грамоталармен марапатталды. Жер көгеріп. жер жаңарған көктемгі Наурыз мерекесін «Global Education» мектебі осындай жақсы көnl -күймен қарсы алды. Мерекеміз жақсы өтіп, ата-аналар мен келген қонақтар тарапынан үлкен раҳмет айттылып, мерекеміз осындай жақсы нотада аяқталды. Келіп жеткен Наурыз мейрамымыз құтты болып, құт берекеміз арта берсін деймін.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша ДТІЖО Ержанқызы Г. сөз

алды: Мектептегі 1-9 сынып оқушыларының мемлекеттік стандарт бойынша білімін жетілдіріп жатқанын, қосымша сабактар ұйымдастырылғанын атап өтті. 2024-2025 оқу жылында мектебімізде жалпы білім алушылар саны- 1-9 сыныптар арасында 270. Асхананың кезекшілік кестесі құрылып, белгіленген уақыт бойынша білім алушылар уақытында тамақтанады.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша: Оқушылардың салауатты өмір салтын қалыптастыру және оны насихаттау бойынша жұмыстарды ұйымдастыру. Оқушылар арасында салауатты өмір салтының маңыздылығын түсіндіру. Спорттық шаралар мен дene шынықтыру жаттығуларын

ұйымдастыру. Жұмысты тиімді жүргізу үшін барлық жауапты тұлғалар бірлесе әрекет етеді. Оқушылардың салауатты өмір салты бойынша жұмыстар тұрақты түрде ұйымдастырылады және қадағаланады.

Жиналыс төрағасы:

Журумбаева Ш

Жиналыс хатшысы:

Ержанқызы Г.